

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**«ДРАМА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ФОРМИРОВАНИЮ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ В
ОУД «ДРАМА»**

**АСТАНА
2017**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында
әзірленген*

Пікір жазғандар:

Жұбандықова А.М., п.ғ.к.
Камелова С.Н., меңгеруші
Қалдыбаева Ш.С., әдіскер

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар - Астана, 2017ж. – 15 бет.

Ұсынылып отырған материал мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың шығармашылық қабілеттерін театрландырылған әрекет арқылы қалыптастыруда әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (6 қазан 2017ж. № 7 хаттама) қаралып, ұсынылды.

«Мектепке дейінгі
балалық шақ»
республикалық орталығы, 2017 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Өнерге деген қызығушылықтың дамуына ықпал ететін балалардың шығармашылық қабілеттері ерте жаста қалыптасады. Театрландырылған әрекет өнердің бір түрі.

Театрландырылған әрекет шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасайтын музыка, би, көркем сурет, шешендік өнер, актерлік шеберлікті қамтиды.

Қазіргі кезде балалардың балабақшада ойын, әсіресе театр ойындарын көп ойнамайтындығын ғалымдардың ой-пікірлерінен (Н.Ф. Сорокина, Д.В. Менджерицкая, Г.В. Ануфриева және т.б.) аңғаруға болады. Ойын нәтижесіз болса, ол баланың психикалық және тұлғалық дамуына кері әсерін тигізеді.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де тән. Осыған байланысты жаңартылған нормативтік – құқықтық құжаттарда «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі болып белгіленді.

Аталған ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты-балалардың шығармашылық белсенділігін ойын, сахналық қойылымдар, ән мен билерді қолдану арқылы қалыптастыру. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың бойында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды, ұлтжандылық және толеранттылыққа тәрбиелеуді қарастырады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметін енгізудің өзектілігі - балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ішкі әлеуетін ашу үшін қолайлы орта болып табылатын театрлық ойын әрекетіне тарту.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

-мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған әрекетін ұйымдастыру үшін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;

-балаларды театр түрлерімен таныстыру;

-орындаушының, көрермендердің жалпы мәдениет негіздерін игеру;

-балалардың театр-ойыны әрекетіне қызығушылығын дамыту;

-балалардың сөздік қорын байыту, сөзді дыбыстау мәдениетін, интонациялық құрылымды, диалогтік сөйлеуін жетілдіру;

-«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру.

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерді қамтиды: «Театрландырылған әрекет балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы», «Драма»

ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы», «Театрландырылған әрекетті ұйымдастырудың түрлері мен әдістері».

Балалар театрлық қойылымдарға қатыса отырып, көңіл-күйі көтеріледі, көпшіліктің алдында қысылмай, өзін еркін ұстай білуге үйренеді.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар педагогтерге балаларды театрландырылған әрекетке тартуда және олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда балалармен жүргізілетін жұмыс тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді.

ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ӘРЕКЕТ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ

Отандық және шетел әдебиеттерін талдау нәтижесі балалардың театрлық қойылымдарға қатысуы олардың дамуында, өзіне және өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытуды еңсеруінде маңызды рөл атқаратындығын көрсетті.

Театрландырылған әрекетті ұйымдастыру әдістемесімен байланысты жұмыс тәжірибесін зерделеу отандық педагогтер: Б.Б.Баймұратованың, Л.А.Давиденконың, А.Б.Қаржаубаеваның, Т.Қолдыбаеваның, А.К.Менжанованың және т.б. еңбектерінде кеңінен көрініс тапты.

Ресей ғалым-педагогтері (Н.Ф.Сорокина, Л.Г.Миланович, Э.Г.Чурилова) мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырды, түрлі жас топтарында жүргізілетін жұмыстың мазмұны мен міндеттері анықталды. Театрландырылған әрекетті ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары бөліп көрсетілді (А.И.Буренина), жұмыс әдістемесі (Т.Н.Доронова, Э.Г.Чурилова) ұсынылды, театрландырылған сабақтарды өткізу ерекшеліктері айқындалды.

Театрландырылған ойын – адамның эмоционалдық жағдайын ым, ишара, интонация бойынша тани білу, түрлі жағдаяттарда өзін басқа адамның орнына қоя білу қабілеті. Балалардың осы мәнерлілік құралдарын игеруі олардың театрландырылған ойынға дайын екендігін, көркем шығарманы түсінуде жалпы мәдени деңгейінің дамуын көрсетеді.

Театрландырылған ойын – бұл әдеби шығарма кейіпкерлерін сомдау (ертегілер, әңгімелер, арнайы жазылған қойылымдар).Әдеби шығармалардың кейіпкерлері қойылымға қатысушылар, ал олардың бала қиялымен өзгертілген оқиғалары ойынның сюжеті болады. Театрландырылған ойындардың ерекшелігі: олардың дайын сюжеті бар, баланың әрекеті көп жағдайда шығарманың мәтінімен анықталады.

Театрлық әрекет негізі театрландырылған ойын болып табылады.

Театр-ойыны әрекетінде балалар шығармашылығы 3 бағытта жүзеге асырылады:

1.нәтижелі шығармашылық (ойдан сюжеттер құрастыру, берілген сюжетті түсіндіру);

2.орындаушылық әрекет (тілдік-сөйлеу, қимыл-қозғалыс, ым-ишара), актерлік қабілет;

3. безендіру жұмысы (декорациялар, костюмдер).

Театрландырылған әрекеттің ұстанымдары:

1. күйзеліс тудыратын факторларды мүмкіндігінше болдырмау;
2. рухани әлеуетін және шығармашылық белсенділігін дамытуға ынталандыратын еркіндік беру;
3. шынайы мотивтерді дамыту:

1.ойын мен оқыту ойластырылған болуы тиіс;

2.ішкі, тұлғалық мотивтер ересектің беделінен туындайтын сыртқы, жағдайлық мотивтерден басымырақ болуы қажет;

3.ішкі мотивтер жетістікке жетуге ынталандыруы тиіс («Сенің қолыңнан келеді», «Сен оны міндетті түрде жасай аласың»).

«Драма» ҰОҚ :

-куыршақ театры қойылымдарын қарауды;

-театрландырылған ойынды қарауды;

түрлі ертегілер мен қойылымдарды сахналауды;

-театр туралы әңгімелесуді қамтиды.

«ДРАМА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны өтпелі тақырыптарға сәйкес іске асырылуы және «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары арқылы кіріктірілуі тиіс.

Тәрбиешінің әрекеті балалардың театр өнеріне деген қызығушылығын дамытуға және сахнаның мәнерлілік құралдарын игеруге бағытталады. Ол үшін тәрбиеші балаларды театр өнері түрлерімен, саусақ театры (көлемді және қолғап) жұмысының тәсілдерімен кеңірек таныстырады, көлемді ойыншықтар мен жазық пішіндерді қолдана білуді жетілдіреді.

Ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарына «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Әрбір тақырып ертегіде, әдеби шығармада баяндалған адамгершілік бағытқа негізделуі тиіс. Адамгершілік қасиеттер: достық, қайырымдылық, мейірімділік, адалдық, батылдық. Қойылымдарға қатысу адамгершілік мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыруға, адамгершілік нормасына сәйкес әрекет ете білуге мүмкіндік береді.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тек әдеби шығармалардың немесе ертегілердің мәтінімен таныстыруды ғана қамтып қоймай, сондай-ақ вербалды және вербалды емес мәнерлілік құралдары: ым, ишара, қимыл, дикцияны игеруді де қарастырады.

Театрландырылған әрекетті ұйымдастыруда тәрбиешінің жеке үлгісі маңызды рөл атқарады, ол әдеби шығарманы мәнерлеп оқуы немесе әңгімелеп айтып бере білуі, актерлік шеберлік негіздерін, сондай-ақ

режиссерлік білік негіздерін игеруі тиіс. Бұл тәрбиешінің шығармашылық әлеуетін арттыруға және балалардың театрландырылған әрекетін жетілдіруге көмектеседі.

Театрландырылған ойын барысында тәрбиешінің тарапынан балаларға қысым көрсету, басқа балалармен салыстыру, бағалау, айыптау қолданылмауы тиіс. Балаларға өз ойын айтуға, белсенділік танытуға мүмкіндік берілуі керек. Педагог жасқаншақ баланы басып, оны тек «көрерменге» айналдырмауын бақылауға алуы тиіс. Балаларды «әртістер» мен «көрермендер» деп бөлуге болмайды, яғни қойылымға қатысушылар мен көрермендерді ауыстырып отыруы қажет.

Балалар шығарманы неғұрлым толық және әсерлі қабылдаса, театрландырылған әрекеттің деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын дамыту баланы театр өнеріне баулуды қамтамасыз ететін «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі мазмұнын жүйелі түрде игеруде іске асырылады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің мынадай құрылымы ұсынылады:

1. тақырыпты түсіндіру, эмоциялық көңіл-күй тудыру;
2. әр балаға өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін (түрлі нысанда) театрландырылған әрекетті ұйымдастыру;
3. театрландырылған әрекеттің табысты болуын қамтамасыз ететін қорытынды.

Театрландырылған ойынды қамтитын «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері: өзара тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу; шығармашылық әрекет етуге жағдай жасау; сөйлеуді және орындаушылық әрекет дағдыларын дамыту; музыкалық қабілеттерін дамыту.

Театрландырылған әрекетті дамыту бойынша жұмыс 3 кезеңге бөлінеді:

1. Әдеби және фольклорлық шығармалардың көркемдігін қабылдау;
2. Негізгі («актер», «режиссер») және қосымша позицияларды («сценарий авторы», «көркемдеуші») қалыптастыру үшін арнайы біліктерді игеру;
3. Дербес шығармашылық әрекет.

Барлық балалардың театрландырылған әрекетке қатысуы үшін түрлі тәсілдерді қолдану ұсынылады: балалардың рөлдерді өз қалауымен таңдауы; басты рөлдерге жасқаншақ балаларды тағайындау; рөлдерді карточкалар бойынша бөлу (балалар кейіпкер схема түрінде бейнеленген кез - келген карточканы алады); рөлдерді жұптасып ойнау.

Білім беру процесінде балалардың жауаптары мен ұсыныстары тыңдалуы тиіс, егер балалар жауап бермесе, олардан түсінік беруді талап етпей, кейіпкерлерді сомдауға ауысу; балалардың шығарма кейіпкерлерінің мінезін сезіне білуіне уақыт беру; қорытындыда түрлі тәсілдермен балалардың кейіпкерлерге және толықтай шығармаға деген эмоциялық қатынасын тудыру.

Драматизация шығармашылықтың басқа түріне қарағанда ойынмен тікелей байланысты, сондықтан ол шығармашылықтың әртүрін қамтиды.

Балалар өздері ойдан ертегі шығарады, рөлдерді ойнайды, дайын әдеби шығарманы сахналайды. Олар сурет салады, мүсіндейді, осы әрекеттер балалардың ойынан туындайды.

Театрландырылған әрекет «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіруге мүмкіндік береді.

Театрландырылған әрекетке дайындық кезінде ойластырылып қойылған сұрақтар балаларды ойлауға, күрделі жағдаяттарды талдауға, қорытынды жасауға және жалпылауға ынталандырады. Бұл ақыл – ойды жетілдіруге ықпал етеді. Кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға үйрету барысында баланың сөздік қоры кеңейеді, сөзді анық айтуы жетіледі.

Балалардың шығармашылығы ойынға жағдай жасай білуге, өзіне алған рөлді эмоциямен сомдай білуіне бағытталады. Ертегілердегі оқиғаларды сахналай отырып, олар бейнені мәнерлілік құралдардың көмегімен: қимылмен, ыммен, иширамен толықтырады.

Қойылымдарға қатысу балаға өзінің ойын айтуға, сезімдерін жеткізуге, серіктесінің ойын түсінуге, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіруге көмегін тигізеді. Балалар қоршаған ортаны бейнелер, бояулар, дыбыстар арқылы қабылдайды. Сәбилер кейіпкерлер күлсе олармен бірге күледі, олар ренжісе, ренжиді, олар сәтсіздікке ұшыраса жылайды, оларға әрдайым қол ұшын беруге дайын.

Талғаммен безендірілген қойылым балаларға эстетикалық ықпалын тигізеді. Балаларды қойылымға қажетті құралдарды, декорацияларды дайындауға қатыстыру талғамды дамытады, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Ортаңғы топта (4 жасстан 5 жасқа дейін) келесі қуыршақ театр түрлерін қолдану ұсынылады:

-*саусақ* (бір саусаққа, екі саусаққа) театры қолдың ұсақ моторикасын, саусақтар қимылының үйлесімділігін дамытуға ықпал етеді. Бұл қолғап қуыршақ театрында қуыршақты жүргізу тәсілдеріне үйретуге ауысудың негізі болып табылады.

-*қолғап театры* театрландырылған ойынды ұйымдастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттырады. Қолғап театрын ұйымдастыру үшін үш түрлі шымалдық қажет: үстел үсті (шымалдықтың биіктігі 25 см), еден үстілік (шымалдықтың биіктігі 70-80см, балалар орындықтарға отырады), еден үстілік (шымалдықтың биіктігі 1м, балалар түрегеліп тұрып ойнайды, қуыршақ ұстаған қолдары шынтақтан сәл бұғулі).

-*үстел үсті* жазық театры (пішіннің барлық жағына кейіпкердің бейнесі салынған), үстел үсті ойыншықтар театры. Бала қуыршақтың қозғалысын бақылайды, кейіпкерлердің сөзін айтады, қуыршақтарды таныс музыканың сүйемелдеуімен қозғалтады.

-*бетперделер, бас киімдер* арқылы балалар таңдап алған кейіпкердің бейнесіне енеді және кейіпкердің мінез-құлық ерекшеліктерін береді.

-*«би-ба-бо» қуыршақ театры*, таяққа кигізілген қуыршақты жүргізу. Баланы қуыршақты жүргізуге үйрету үшін қолғаппен жаттығулар қолданылады: сұқ саусаққа қуыршақтың басы кигізіледі, қалған саусақтар

кейіпкердің қолдарын (аяқтарын) бейнелейді. Күрделенуі: қуыршақты жүргізу негізі бұрынғыдай, жіптің көмегімен қуыршақтың аузын қимылдатып, қозғалысқа келтіреді.

Жоғарыда аталған барлық қуыршақ театры түрлері санитарлық нормаларды ескере отырып дайындалуы тиіс; қуыршақтар эстетикалық талғаммен көркемделіп, топтағы «театр әлемі» аймағына орналастырылуы тиіс.

Қуыршақ театры түрлерін ортаңғы топта педагог ұйымдастырылған оқу қызметінде тосын сый ретінде, ересек және мектепалды даярлық топтарында қуыршақ спектаклінде қолданады. Балалар дербес ойын әрекетінде планшеттік қуыршақтармен ойнауды, шағын оқиға құрастыруды, таныс ертегілерді сахналауды ұнатады. 4-5 жастағы балаларда қуыршақты жүргізудің негізгі тәсілдерін қалыптастыруды талап ететін қуыршақты жүргізу күрделі процесс болып табылады.

Ересек топта балалар көп біледі және жасай алады. Бұл жаста олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған. Қызықты нәрселерді неғұрлым есте сақтау негізінен эмоционалдық деңгейде жүзеге асырылады. 5-6 жастағы балалар түрлі әрекет салаларында шығармашылық белсенділігін танытады. Қиялдың дамуы көңілді оқиғаларды ойдан шығаруынан байқалады. Бала ересектің жасаған ескертуіне назар аударады және оның кеңесіне сәйкес әрекет етуге талпынады.

Ересек топтың балалары қойылымға дайындық кезінде халық шығармашылығымен, әдеби шығарма ретінде ертегінің кейбір ерекшеліктерімен танысады, кейіпкерлердің мінез-құлқын және олардың әрекетін талдауға, кейіпкерлердің әрекетін шынайы адамдардың әрекетімен сәйкестендіруге үйренеді. Тәрбиеші балалармен ертегідегі қозғалып отырған мәселені талқылайды, оқиғаларды және кейіпкерлерді жан-жақты талдайды. Алынатын нәтиже алдын-ала жүргізілетін жұмысқа тәуелді болатындықтан, ол көп уақыт алады.

Драматизация ойыны қиялды, зейінді, есті, эмоционалдық саланы, мәнерлеп сөйлеуді дамытуға, коммуникативтік әрекетті және қимыл белсенділігін үйлестіруді жетілдіруге көмектеседі.

Ересек жастағы баланың жаратылысынан берілген ерекшелігі табысты қойылымдар қоюға қолайлы жағдай жасайды.

Ертегілерді сахналау әдеби шығармашылыққа, фольклорға, қызығушылықты дамытады, эстетикалық талғамды қалыптастырады, достық сезімдерін, қолдау және өзара көмек көрсету дағдыларын нығайтады.

Қойылым барысында балаларға ескерту жасауға, әрекеттерін түзетуге жол берілмеуі тиіс. Қойылым аяқталғаннан кейін қатысушыларды қошеметпен таныстырудың маңызы зор.

Қойылымда пайдаланылған құрал-жабдықтар, киім-кешектер сақталады және балалар оларды дербес әрекетте қолданады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінде педагог балалардың бастамашылдығын, ойлау қабілеті мен дербестігін, шығармашылығын көтермелеп отыруы керек. Театрландырылған әрекетте шығармашылық

қабілеттерді дамыту жалпы психологиялық дамуға, педагогтер тарапынан балаларға адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан әсер ету мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды: Театрландырылған ойындарда балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруына (музыкалық, би, әдеби шығармалар, өнімді іс-әрекет) шектеу қойылмайды. Тақырыптарды, бейнелеу құралдарын түрлендіру тұлғаны жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әрекет баланы жаңа бейнелер жасауға, ойлау қабілетін дамытуға ынталандырады. Сондықтан, драматизация ойыны немесе театрлық қойылым балалар шығармашылығын дамытудың ең қолайлы түрі.

«ДРАМА» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі мазмұны жұмыстың түрлері мен әдістерін қолдануды ұсынатын:

-қуыршақ спектакльдерін қарау және олардың мазмұны бойынша әңгімелесуді;

-театрландырылған ойындарды;

- алуан түрлі ертегілер мен қойылымдарды сахналауды;

-театр туралы әңгімелеп беруді;

-орындау мәнерлілігін қалыптастыру бойынша жаттығуларды;

-балаларды әлеуметтік-эмоционалдық дамыту мақсатындағы жаттығуларды;

-драматизация ойындарын;

-тақпақтарды, шағын ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналауды қамтиды.

Театрландырылған ойын түрлері:

Қуыршақ театры – мектеп жасына дейінгі балалардың сүйікті театр өнері түрлерінің бірі. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді: бейнеге ене отырып, шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Театр қуыршағымен әрекет ету балаларға босаңсуға, көңілді атмосфера құруға септігін тигізеді. Балалар театрландырылған ойынға еніп кеткенін өздері де байқамай қалады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі ортаңғы топтан бастап балалар дербес қуыршақ спектакльдерімен және театрландырылған ойындармен жұмыс жүргізуді бастайды. Осы әрекет түрі (қуыршақ театры элементтері бар театрландырылған ойындар) бір уақытта балалардың жарты тобы театр қуыршақтарымен ойнауы, ал жарты тобы драма театр спектакліне қатысуымен қызықты. Өзіне сенімсіздік танытатын балалар көбінесе қуыршақ театрын таңдайды, өйткені қуыршақ олардың көрермендер алдында жасқаншықтығын еңсеруге ықпал етеді.

Ересек топта қуыршақтарды жүргізу дағдылары жетілдіріледі, театр қуыршақтарының жаңа түрлері енгізіледі: үстел үсті қуыршақтары, қуыршақ-марионеткалар, ұзын бойлы қуыршақтар, «тірі қолды» қуыршақтар және т.б..

Мектепалды даярлық тобында театрландырылған ойындар кейіпкерлердің неғұрлым күрделі мінез-құлықтарын сомдаумен және қуыршақтарды басқарудың күрделі әдістерін игерумен ерекшеленеді: сым немесе жіп арқылы қозғалатын қуыршақтар, «тірі қолды» қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар.

Бала драматизация ойындарында «әртіс» ретінде рөлді орындай отырып, түрлі мәнерлілік құралдардың көмегімен бейне жасайды.

Драматизация ойындары:

- тақпақтарды сахналау;
- шағын ертегілерді сахналау;
- әндерді сахналау;
- шағын әдеби мәтіндерді сахналау;
- балалар шығармашылығы.

Драматизация ойынын ұйымдастыру бала:

-әдеби шығармаларды қабылдау, сезіну және түсіну тәжірибесін игерген;

-театр өнерімен өзара әрекет тәжірибесін (театрдың, спектакльдің не екенін және оның қалай туындайтынын біледі, театрландырылған әрекеттің қабылдау тәжірибесін игерген, театр өнерінің өзіне тән тілін игерген) игерген;

-ойын әрекетіне өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қатысқан жағдайда мүмкін болады.

Ойын-спектакльдер қатысушылар мен көрермендерге қызықты болып табылатын ойын процесінен оның нәтижесіне ауысуымен сипатталады. Оларды көркем әрекет түрі ретінде қарастыруға болады.

Ойын - спектакльдер:

- ойын-спектакльдер;
- драмалық спектакль;
- музыкалық-драмалық спектакль;
- балалар операсы;
- хореографиялық негіздегі спектакль;
- пантомима;
- мюзикл.

Театрландырылған ойындардың бала тұлғасына ауқымды және жан-жақты әсері оларды жалықтырмайтын педагогикалық құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді, себебі бала ойын барысында қуанышқа бөленеді.

Театрландырылған ойындарға қойылатын талаптар:

-тақырыптың алуантүрлілігі;

-театрландырылған ойындарды балалар әрекетінің басқа да түрлеріне енгізу;

-балаларды ойынды дайындау және өткізу кезеңдерінде белсенді ынтымақтастыққа тарту;

-театрландырылған ойындарды ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде балалардың бір-бірімен және ересектермен өзара әрекеті.

Режиссерлік ойындарда ойыншықтар немесе оларды алмастырушы заттар «әртістер» болады, бала әрекетті «сценарий авторы және режиссер» ретінде ұйымдастырып, «әртістерді» басқарады.

Театрландырылған ойындарда көрермендер болуы тиіс.

Зерттеушілер А. Г. Гогоберидзе және С. Г. Машевская драматизация ойындарында ойын ұстанымдарының жіктелуін құрастырды.

Бала-«режиссер» - есте сақтауы мен қиялы жақсы дамыған, бұл бала-білімпаз, әдеби мәтінді тез қабылдап, оны ойындық қойылымға ауыстыру қабілетін игерген. Ол қойылған мақсатқа жете біледі, болжам жасайды, комбинаторлық (театрландырылған әрекет барысына өлеңдерді, әндер мен билерді енгізу, бірнеше әдеби сюжеттер мен кейіпкерлерді үйлестіру) және ұйымдастырушылық қабілетке (драматизация ойынын ұйымдастырады, рөлдерді бөледі, әдеби сюжетке сәйкес «сахнаны» анықтайды, драматизация ойынын басқарады, спектакльге қатысушылардың әрекетін реттейді, ойынды соңына дейін жеткізеді) ие.

Бала - «актер» - коммуникативтік қабілеттері дамыған, ұжымдық ойынға, ойындағы өзара әрекетке оңай енеді, мәнерліліктің вербалды, вербалды емес құралдарын және әдеби кейіпкердің бейнесін беруді еркін меңгерген, рөлді орындауда қиындықты сезінбейді, суырып салуға дайын, бейнені анық беруге көмектесетін қажетті ойын атрибуттарын тез табады, сезімтал, өзін-өзі бақылау қабілетіне ие (сюжетті сақтай алады, өзіне берілген рөлді соңына дейін сомдайды).

Қабылдау, ойлау, қиял, сөйлеу бір-бірімен өзара тығыз байланыста болатын театрландырылған әрекеттің педагогикалық міндеті күрделенеді және бала белсенділігінің (тілдік, қимылдық, музыкалық және т.б.) әр түрлерінде көрініс табады.

Бала - «көрермен» - жақсы дамыған рефлексивті қабілеттерді игерген, оған «ойынға сырттай қатысқан» оңай. Ол байқағыш, зейіні тұрақты, драматизация ойынына шығармашылықпен кіріседі, спектакльді, балалардың рөлдерді орындау процесін және сюжеттің өрістеуін талдауды ұнатады, өзінің алған әсерін мәнерлілік құралдары арқылы (сурет, сөз, ойын) жеткізеді.

Бала - «безендіруші» - алған әсерін қағаз бетінде бейнелеп беруге ұмтылысынан көрінетін ойынның әдеби негізін бейнелеп түсіндіру қабілеттеріне ие. Бала көркем-бейнелеу біліктерін игерген, әдеби кейіпкерлердің бейнесін беруде түсті, пішінді, шығарманың түпкі ойын толықтай сезінеді, қойылымға сәйкес декорация, костюмдер, ойын атрибуттарын жасау арқылы спектакльді көркем безендіруге дайын.

Шығармашылықты дамытудың мына әдістері: шығармашылық тапсырма; проблема немесе проблемалық жағдаят тудыру; басқа ойынға, неғұрлым күрделі шығармашылық деңгейге ауысу; жаттығулар жақсы нәтиже береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың бойында мінез-құлықтың жағымды үлгісін қалыптастыруға, баланың жалпы мәдениетін көтеруге, оларды балалар әдебиетімен, музыка, бейнелеу өнерімен, әдеп ережелерімен, салт-дәстүрлермен таныстыруға ықпал ететін театрландырылған әрекетке, балалар

театры түрлеріне ерекше мән берілуі тиіс. Театрға деген сүйіспеншілік балада тек қана балалық шақтан жарқын естелік болып қалмай, құрдастарымен, ата-аналарымен және педагогтермен ерекше әлемде өткізілген мерекені сезінуі болып табылуы тиіс.

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ТАБЫСТЫ ДАМУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Балалар шығармашылығын дамытудың маңызды факторларының бірі олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау болып табылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін табысты дамытуға келесі факторлар ықпал етеді:

- баланың жақсы көңіл - күйі;
- тиісті заттық - кеңістіктік дамытушы орта құру;
- шығармашылық процесті ұйымдастыру;
- балаға әрекетті таңдауда еркіндік беру;
- ересектердің әдептілікпен, мейірімділікпен көмек көрсетуі;
- отбасында және топта қолайлы жағдай жасау.

Балаларға жасайтын әрекетін айтып отыру ата-аналар арасында кеңінен тараған «көмек көрсету»тәсілі, бұл іс-әрекетке кері әсерін тигізеді. Баланың өзі жасай алатын ісін ол үшін жасаудың қажеті жоқ.

Шығармашылық үшін жайлы психологиялық жағдай және бос уақыт қажет, сондықтан ересектер шығармашылық ізденіс үшін ыңғайлы жағдай жасауы тиіс. Баланы үнемі шығармашылыққа шабыттандырып отыру, оның қызықты ойларына көңіл бөлу маңызды, ескерту мен талқылау қолданылмауы тиіс.

Кейбір батыс психологтары (Дж.Смит) шығармашылық балаға жаратылысынан тән, тек оған өз ойын еркін білдіруге кедергі жасамау қажет деп есептейді. Алайда, тәжірибе балалардың барлығы шығармашылық белсенділігін таныта алмайтындығын көрсетеді. Педагогикалық тәжірибе оқытудың тиімді әдістерін іске асыру барысында мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің балабақшаға бармайтын құрдастарына қарағанда шығармашылығын неғұрлым жоғары деңгейдегі көрсете алатынын дәлелдейді. Қазіргі кезде балалар үйірмелері мен студиялардың, музыка мектептері мен өнер мектептерінің кеңінен ашылуы кездейсоқ емес. Әрине, балаларды неге және қалай үйрету туралы пікірталас әлі де жүріп жатыр, оларды үйрету күдік тудырмайтындай болуы тиіс.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру негізгі мақсатқа жетуге бағытталған бірқатар міндеттер шешілетін мақсатқа бағытталған процесс болған жағдайда ғана тиімді болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Театрландырылған әрекет адамгершілік және эстетикалық тәрбие міндеттерін кешенді түрде шешуге, эмоционалдық саланы байытуға, сөйлеуді белсендіруге және мінез-құлықтағы ауытқуларды түзетуге мүмкіндік береді.

Баланың артикуляциялық дағдылары жетіледі, кейіпкерлердің сөздерін анық және түсінікті айтады. Сөздік қорлары байытылады.

Балаға актер, режиссер, безендіруші, көрермен рөлінде болу мүмкіндігі беріледі. Балаларды декорациялар, костюмдер дайындауға қатыстыру олардың бейнелеу, құрастырушылық қабілеттерін дамытуға ықпалын тигізеді.

Әрекеттің бұл түрі балалардан: зейінділікті, тапқырлықты, ұйымдастырушылықты, бейнеге ене білуді талап етеді.

«Драма» ұйымдастырыған оқу қызметі мазмұнын тиімді іске асыру басқа әрекет түрлерімен өзара байланыс болғанда ғана мүмкін болады.

«Драма» ұйымдастырыған оқу қызметі арқылы балалар келесі біліктер мен дағдыларды игереді:

- вербалды емес қарым-қатынас құралдары (ым, ишара, қимыл)
- балалардың сөйлегенде сөздерді байланыстыруы, сөйлеу мәнерлілігі қалыптасады;

- сөздік қоры байытылады, коммуникативтік қабілеттер деңгейі артады;

- балалар өз эмоцияларын білдіруге және басқалардың сезімін түсінуге үйренеді;

- балалар театрға өнер түрі ретінде қызығушылық танытады.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалар сенімділік танытып, сахнада көрермендер алдында өнер көрсетуге жасқанбайды және өзін-өзі бағалауы артады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.«Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2.Маханева М.Д. Театрализованные занятия в детском саду: пособие для работников дошкольного учреждения-М.: ТЦ Сфера, 2001 г.

3.Лаптева Г.В. «Игры для развития эмоций и творческих способностей». Театральные занятия для детей 5-9 лет. С.-П.:2011г.

4.Лыкова И.А. «Теневой театр вчера и сегодня» С.-П.:2012г.

5.Лыкова И.А. «Театр на пальчиках» М.2012г.

6.Алябьева Е.А. «Тематические дни и недели в детском саду»М.:2012г.

Ярыгина О.Г. «Мастерская сказок» М.2010г.

7.Петрова Т.И. Театрализованные игры в детском саду «школьная пресса» -2000 г.

8.А.Н.Чусовская «Сценарии театрализованных представлений и развлечений» М.:2011г.

9.Л.Е.Кыласова «Родительские собрания» Волгоград: 2010г.

10. Е.В.Лаптева «1000 русских скороговорок для развития речи» М.:2012г.

11.А.Г.Совушкина «Развитие мелкой моторики (пальчиковая гимнастика).

12.Артемова Л. В. «Театрализованные игры дошкольников» М.:1983г.

13.Алянский Ю. «Азбука театра» М.1998г.

14.Сорокина Н. Ф. «Играем в кукольный театр» М. АРКТИ, 2002.

15.Е.В.Мигунова «театральная педагогика в детском саду». Методические рекомендации.М.:2009г.

16.Г.П.Шалаева «Большая книга правил поведения» М.:2007г.

17.А.Г.Распопов «Какие бывают театры» Изд-во: Школьная пресса 2011г.

18.Мигунова Е.В. Организация театрализованной деятельности в детском саду: Учеб.-метод. пособие; Вели- кий Новгород, 2006.

19.Н.Б.Улашенко «Организация театральной деятельности. Старшая группа»

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба
2. Театрландырылған әрекет балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы
3. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы
4. «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастырудың түрлері мен әдістері
5. Балалардың шығармашылық қабілеттерін табысты дамытуға жағдай жасау
6. Қорытынды
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі